

Тексерілді:
 №18 «Ақсөгерші» балабақшасының
 Әдіскері: А.А.Абдраманова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
IV анта

Топ: ересек
 Балалардың жасы: 4 жасан
 Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.
 Педагогтың аты-жөні: Г.Жолжанова

Күнделігі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таныстыру	Таныстыру: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Балалармен немесе ата-аналармен кездесу	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.				
Балалардың дербес қызығушылығын, үстел үсті ойын, қимыл, іс-әрекеті, қызығушылығын қарау және тәрбиелеу	"Бөлме өсімдіктерін жуу". Максат-міндеттері. Балаларға суару әдістері және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды үлкендерге өз қолдарынан келетін көмек көрсетуге тарту, бөлме өсімдіктері туралы балалардың идеяларын нақтылау.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмегімен бірге) Максат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафында тәртіп сақтауды үйрету, шкафын киім және аяқ киіммен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Максат-міндеттері. Балалардың өз төсек-орнын ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі	"Ойыншықтардағы тәртіп". Максат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжандылығын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты және тәртіпсіздікті көре білу	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Максат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тиесілі жерге жылдам, мұқият орындау.

	бүктеу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, тәртіп сақтауды үйрету. Ұжымда тату-тәтті еңбектенуге үйрету.	қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	
ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Дидактикалық ойын "Ненің ізі?" Максат-міндеттері. Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны. "Логикалық ойын". Максат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққала". Максат-міндеттері. Балаларға тұзды қамырдан аққала сомдауды үйрету; бір бөлшекті екінші бөлшекке қосып тегістеу жолымен біріктіру ептілігін бекіту. Құрастыру. "Зәулім ғимараттар". Максат-міндеттері. Қиял, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)	Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". Максат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтауды үйрету, ой-қиялын, ынтасын дамыту. (сөйлеуді дамыту) "Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары. Максат-міндеттері. Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	«Суреттер құрастыру». Максат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	«Заттарды салыстыру». Максат-міндеттері. Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, оларды бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен - кішкентай. Ұзын - қысқа. Ұғымдарын үйрету. (математика негіздері)

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары 1. Бастапқы калып: аяқ арасы алшақ, дене тік, кол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру. 1.3. Саусақтарын бүгу, қолдарын айналыра қимылдау. 1.4. Бастапқы калыпқа келу. 2. Бастапқы калып: аяқ арасы алшақ, кол белде. 2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. 2.2. Оңға және солға өту. 2.3. Қолдың ұшына аяқтың ұшына жеткізу. 2.4. Бастапқы калыпқа келу. 3. Аяқтың ұшына көтерілу. 3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек топылдату. 3.2. Аяқтың ұшымен топылдату. 3.3. Бастапқы калыпқа келу. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. Шолпан Оразбаева "Су". Тазалықта досыңдай Су дегенім осындай. Таза жүрек әрдайым, Жақсы болар жағдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің мнемотехникасына қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгіліне байланысты тақырыптар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	"Қысқы тіршілік" туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Еңіс тактайдың үстімен жүру". Мақсат-міндеттері. Еңіс тактайдың үстімен қолдарын жанына жіберіп, тура жүруге, жердегі кедергі жолақтардан	Қысқы тілі "Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі	Дене шынықтыру "Тепе-теңдікті сақтайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатарға екеуден тұруға; дөңгі	Музыка "Қыс бояулары". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әннің сын-сипатын	Дене шынықтыру "Досқа немі үйретемін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, біз аяқпен тұруды; қолбеу тактайды.

	(жолақтар арақашықтығы 50 см) екі аяқпен екі аяқпен аттап, секіру және бір-біріне қарама-қарсы тұрып, допты бастарынан асыра лақтыруды үйрету. "Аю қалай жүгіреді?" қимылы ойыны. Максат-міндеттері. Екі топқа бөліну, бір сызыққа тұрғызу, белгіленген межеге дейін сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. (дене шынықтыру)	жайлы мнемокесте және сызбалық суреттер негізінде "қыс", "қысқы табиғат құбылыстары" туралы түсініктерін қалыптастыру; "қыс" пен "жаз" мезгілдеріне байланысты антоним сөздерді дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Өлеңді мәнерлеп оқу. "Нү орманда қар жауып". Мнемокесте арқалы өлеңді топпен мәнерлеп қайталау. Музыка "Қыс әні". Максат-міндеттері. Балалардың қыс туралы әнінің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырату қабілетін қалыптастыру.	алысқа дәлден лақтыруды (3,5–6,5 м кем емес); сызықтардың арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. "Кедергілерден оңай өтемсіз" қимылы ойыны. Максат-міндеттері. Балалар кедергілерден "жылш" тәрізді жорғалап отулері керек. (дене шынықтыру)	түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетін қалыптастыру. Дидактикалық ойын. "Қояндар". Максат-міндеттері. Балаларға музыканың көңілді не мұңлы, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. (музыка, сөйлеуді дамыту)	үсітмен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүруді үйрету. "Баскетбол" қимылы ойыны. Максат-міндеттері. Екі топқа бөліп, баскетбол добына арналған торға белгіленген жасанадан аспай, допты көкірек тұсынан дәлден лақтыруды үйрету. (дене шынықтыру)
уенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауын арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
уси	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Қарға мен	Қардың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Қар мен мұзды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Қайың мен шетелді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеу дамыту) Максат-міндеттері. Ағаштардың сипатын

сауысқаннан айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқаннан дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, оның өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Епбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Максат-міндеттері. Епбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балаларды құстардан қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қиғаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (Екінші қолды	Максат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қызға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым епбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Максат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ақхала ойыны". Максат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. "Қақпаға" допті өткізе	Максат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым епбек тапсырмалары (ұсақ қожықтарды жинау). Максат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бос орын". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде оған қарауға тыйым салынады.	Максат-міндеттері. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қанықтырдағы, таза және боялған судың қыту уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым епбек тапсырмалары: алаңда осетін өсімдіктерге күтім жасау. Максат-міндеттері. Табиғаттағы епбектенуді, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту.	түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым епбек тапсырмалары (қожықтарды жинау). Максат-міндеттері. Епбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тынқсанлар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларға ойын шарты бойынша ойнауды, мұқият және белсенді болуды; батылдыққа, шапшаңдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-бірін қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әңдетте өлең айтады: Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған балш о тобынан шығып, екпіндей жүгіріп кетеді.
--	--	---	---	--

	оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шаппандыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді тасықтау. (дене шынықтыру) Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Максат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.	білуге, дәдікке, шаппандыққа баулу. Тәрбиені балаларды дөп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. Қарлақтыруды үйрету.	Жүргізуші залдан шығып кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға кіріп, балалар жасырып қойған затты іздей бастайды. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Максат-міндеттері. Шенбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	"Қара сныр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; көзсіздікті бағдарлай білуге, шаппандыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малақай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шенбер құрып, көздерін жұмута тырысады. Ойын басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шенберден шығып, тығуға әзірленген затты алып оны тығады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу.	де, қарсы топтың тізбегін үзін кетуге тырысады. Егер үзін кетсе, бір баланы жетелеп жеткізіп, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алаңында қиынсыздық ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
н оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде ойын				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Максат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін бағу музыка тыңдатады. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тұдың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Балалардан	Балаларды ақырын сипап ояту. Шапты тарсу дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: колдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабындықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалары	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шпательді дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Дербес	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аппак қыс". Максат-міндеттері. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын байқау дағдыларын жетілдіру. «Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балалардың табиғат құбылыстары жөнінде түсініктерін	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сыңарлы және сыңарсыз киімдер". Максат-міндеттері. Балаларды заттардың көлемінің қасиеттері жөніндегі білімдерін тиянақтау, "ені", "ұзындығы", "көлемі"	Сурет салудан ойын-жаттығу "Аулаға қар жауды". Максат-міндеттері. Балаларға бор мен қылқалам арқылы аулаға қардың жауғаны туралы суретті салуды үйрету; бормен сурет бейнелерінің, ағаш пен үйдің сұлбасын салып,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Боран". Максат-міндеттері. Балаларды Қ. Көпішевтің "Ақ боран" атты тақпағымен таныстырып, қыс мезгіліндегі ақ боран сипатын тануға талпындыру; тақпақ жаттауды жаттықтыру;	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қыс келді" тақпағын жаттау". Максат-міндеттері. Балалардың ұғымменді "тақпақ" түсінігін қалыптастыру, қыс туралы көркем сөз үлгісімен таныстыру; қыс мезгілі туралы ұғымдарды көркемдеуші сөздер арқылы толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Құрастырудан ойын-жаттығу

нығайту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, сурет салу) Дидактикалық ойын. "Қыста не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз бен қыс мезгілдерінің құбылыстарын ажырату. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және суретті бейнелеп береді. Мысалы: күн бұлттардың артында жасырынып тұр. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Сюжетті-рольді ойын. «Қонжық». Мақсаты: Балалардың жинауарлық ролін қабылдау қабілетін дамыту. Ойын материалы: Кәмпиттер, жемістер, пирогтар. Ойынға дайындық. Суреттердер белгілерімен танысу. Аю туралы өлеңдер мен әңгімелер оқу. Ойын рөлдері. Аюлар. Ойын барысы. Балаларға ойыншықтар, кәмпиттер, жемістер, пирогтар және т.б. ұсына отырып, мұталім: "қараңдаршы, балалар, аю қандай үлкен дәмді төрт пісіріп, бізді толқа жіберді. Ол біздің топта дәмді пирогтарды	ұғымдарын бекіту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу) Дидактикалық ойын. «Артығын тап». Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттерден артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін ұсынады. Карточкада не бейнеленгенін атап, артығын қарындашпен сызады. Мысалы, мұнда қар артық. Қар қыста ғана болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. Сикырлы таяқ. Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелек шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден	кардың суреттің әр жеріне қылқаламның ұшымен жақпалау техникасын пысықтау. Вариативті компонент. Құрастыру "Байтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды макарон өнімдерін трафаретке қойып "Байтеректі" құрастыруды үйрету; дайын трафаретке макарон өнімін беттестіру әдісі бойынша іскерліктерін дамыту; сары түсті жылтырлақтармен безендіргенде желімді пайдалану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу) Сюжетті-рольді ойын. «Пойыз». Мақсаты: Балаларды ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Ойын материалы. Құрылыс материалы,	көркемсуретке қызығушылықтарын арттыру; қыс көптеген құбылыстардан тұратын мезгіл деп таниуды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Қазақ халқының ұлттық ойыны. Аксерек - көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды Аксерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. 2-ші топ. Аксерек-ау, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек. Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына	"Ақтөске үйшік құрастырамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрамында: тақтайша, үшбұрыш, білеу бар құрылыс материалдары жинағын пайдаланып, Ақтөске қыс мезгілінде тұруға арналған үйшікті құрастыруды үйрету. (құрастыру, сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рольді ойын. «Серуенге жиналамыз». Мақсаты: балаларда әр маусымға киім таңдау қабілетін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауға үйрету, жалпыланған «киім», «аяқ киім» ұғымдарын бекіту, басқаларға қамқор болуға тәрбиелеу. Қажетті заттар: қуыршақтар, жылдың барлық кезеңдеріне арналған киім (жаз, қыс, көктем және күз үшін), шағын киім шкафы және орындық. Ойын барысы: балаларға жаңа қуыршақ келеді. Ол олармен танысады және ойнағысы келеді. Бірақ балалар серуендеуге жиналып, қуыршаққа олармен бірге жүруді ұсынады. Қуыршақ киіне алмайтындығына шағымданады, содан кейін балалар оған өз көмегін ұсынады. Балалар қуыршақ киімдерін шкафтаң шығарады, оларды атайды, ауа-райына сәйкес киіну керек нәрсені таңдайды. Тәрбиешінің көмегімен олар қуыршақты дұрыс ретпен киінеді. Содан кейін балалар өздері киініп, қуыршақты
--	--	--	---	--

жақсы көретін тәтті тісті аюлар бар деп ойлады және оларды емдеуге шешім қабылдады. Бізде аю кім? Аю тәтті пирогты кімге пісірді? Сіз аюсыз ба, Саппа? Ал сенің аяғың қайда, аю? Ал сізде жүн бар, аю? Біздің топта қанша аю бар. Жақсы аюлар! Оларға төрт беретін уақыт келді!». Содан кейін тәрбиеші аюларға үлкен үстелдің айналасында тұруды ұсынады (жылжымалы үстелдерден жасалған) және оның пирогты тең бөліктерге қалай салтанатты түрде көсетінін көріңіз, сонда бәрі бірдей болады. Осылайша, әдеттегі түстен кейінгі тағамдар өтуі мүмкін. Пирогты тарата отырып, тәрбиеші: "бұл аюдың бір бөлігі және бұл. Мен барлық аюларға аю пирогын тең бөлемін. Барлық аюларға пирог жеткілікті болды ма? Денсаулығыңыз үшін тамақтаныңыз!». (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	бастап түтел нөмірлен шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартылады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру - жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді. (дене шынықтыру)	қуыршақтар, ойыншықтар-Жануарлар, заттар-алмастырғыштар. Ойынға дайындық. Көлікте серуендеу, автопаркке, портқа, әуежайға, вокзалға экскурсия. Көлік туралы өлеңдер мен әңгімелер оқу. Құрылыс материалынан машина, ұшақ, паропход, пойыз, қайық, автобус және т. б. жасау. Ойын рөлдері. Жүргізуші, жолаушы. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын әрекеттерінің бағытына байланысты ойынның әртүрлі нұсқаларын қолдана алады. 1-ші нұсқа. Тәрбиешінің ойын әрекеттері балаларға бағытталған. Тәрбиеші ойынды бастайды: - енді мен өте қызықты нәрсе саламын. Маған кім көмектескісі келеді? Үлкен текшелерді (модульдерді) әкеліңіз. Бұл үлкен шеңберлер. Жарайсындар, рахмет!	алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. (дене шынықтыру) Сюжетті-рөлді ойын. «Үй тұрғызамыз». Мақсаты: балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың еңбегін жеңілдететін техниканың роліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынас орнатуда үйрету, балалардың құрылысшылардың еңбек ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын кеңейту: "құрылыс", "тас қалаушы", "көтергіш кран", "құрылысшы", "краншы", "ағаш ұстасы", "дәнекерлеуші", "құрылыс материалы". Керекті құралдар: ірі құрылыс материалы, машиналар, көтергіш	бірге серуендеуге шығады. Серуеннен оралғаннан кейін балалар өздері шешімін қуыршақты өз әрекеттеріне түсініктеме бере отырып, дұрыс ретпен шешеді.
--	---	---	---	--

			(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	кран, ғимаратты ойнауға арналған ойыншықтар, (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын. «Сынарым тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі: геометриялық пішіндерді алып, ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау керек. Ойын бірнеше рет қайталанатын және геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, бастайық! Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)	Шешуін тап, заттарды ата. Корнекі құралдар. Алуан түрлі суреттер: тышқан, мысық, шелек, шапа, фланелеграф. Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді, онда бейнеленген заттар мен жануарларды атауды сұрайды. Осы суреттерді кез келген реттілікпен фланелеграфқа бекітеді де, балаларға сұрақтар қоя бастайды. Балалар сұрақтарға жауап бере отырып, фланелеграфтан қажетті суретті табуы және онда бейнеленген заттарды атауы тиіс. Тәрбиеші: - Ізде не тұрады? - Тышқан. - Тышқан неден қорқады? - Мысықтан. - Суды қайда құямыз? - Шелекке. - Қыста немен	Дидактикалық ойын. «Сөз ойла». Мақсат-міндеттері. Балаларға мағынасы қарсы сөздерді тауып айтуды ұсынады. - Әдепті - ... - Әлепсіз - Жақсы - ... - Жаман - Ақ - ... - Қара - Үлкен - ... - Кішкентай - Сыйлау - ... - Сыйламау (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, сурет салу)	"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөйлеуді дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Сипаттама: балалар жауап беруге тиіс ұсыныстар мен жұмбақтарды алдын ала дайындау. Мысалы: * түрлі-түсті қанаттары бар әлемі жәндік ұшуды ұнатады, балшырымен қоректенеді. (Көбелек.) * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді. (Пойыз.) * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды. (Қасқыр.) * жабайы жануар, қызыл шапты, ертегілерде арқаннан алдайды. (Түлкі.) * сары қабығы бар жеміс. (Лимон.) (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру, сурет салу)

			сырғанаймыз? - Шанамен, - Қуыршаққа не тағамыз? - Моншақ, - Алманы (гүлді) қайда жинаймыз? - Себетке. Тәрбиеші барлық балалардың сұрақтарға дәл жауап беруін, яғни фланелеграфтан сәйкес келетін заттарды табуын және сөздегі - ш, - с дыбыстарын дұрыс айта білуін қадағалайды. Осы тектес ойын арқылы сөздегі - ж, - з дыбыстарын дұрыс айтуды жаттықтыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)		
Ғылымдық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу коюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафта ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен)		Қардың түсуін бақылауды жалғастыру.	Шыршаларды бақылауды жалғастыру.	Қар мен мұзды бақылауды жалғастыру.	Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен)

танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешеліктері мен белгілерін таныта ынталандыру. Балалар сауысқанның дабыстарын тыңдайды, оның сыртқы пішіні өзге құстарға өте ұқсамайтынын байқайды. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Максат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды жоғары көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа,	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қардың түсуі маусымдық құбылысқа жататынын түсіндіру, қыс туралы білімдерін кеңейту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұшпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. Максат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Аққала ойыны". Максат-міндеттері. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін еске сақтауды үйрету. Шыршаны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Максат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Бос орын". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Шапшаңдықты, еңгілікті дамыту. Аз қимылды ойын. "Суық-ыстық". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері: есту қабілетін, физикалық	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттер. Судың әртүрлі күйі туралы білімдерін бекіту; жансыз табиғат туралы шынайы түсінікті қалыптастыру. Зерттеу. Үлкен және кішкентай қанықтырманы, таза және боялған судың кату уақытын салыстыру; ыдысқа тығыз немесе еркін салынған қардың еру жылдамдығын салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңда өсетін өсімдіктерге күтім жасау. Максат-міндеттері. Табиғаттағы еңбекке, қоршаған ортаға қызығушылықты қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қарға мен торғай". (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Педагогтің бұйрығын	танысу, сөйлеуді дамыту) Максат-міндеттері. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Максат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, шапшаң жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 м жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әңдете олең айтады. Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын
---	---	---	---	---

(томен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жоғары көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" жеміс-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ерітілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Максат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету біліктерін қалыптастыру.	жаттығуы. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. "Қақпаға" допты кіргізуді үйрету, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5 м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. Қарлақтыруды үйрету.	қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырын кезде қарауға тыйым салады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші залға оралады, затты іздей бастайды. Балалар ойын соңынан ерін: суық ... жылы ... ыстық ... сөздерін айтып, жасырылған затты табуға көмектеседі. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жалаушаға тезірек жет". Максат-міндеттері. Шенбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.	мұқият тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. "Қара сныр" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері: балаларға ойын ережелерін қатаң сақтауды үйрету; келісістікті бағдарлай білуге, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулу, достыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойынға 3-10 немесе одан да көп ойыншы қатысады. Көбінесе ойынға қара зат таңдап алынады (ескі малакай, құм салған дорба және тағы басқа). Ойынға қатысушылар шенбер құрып, көздерін жұмып тұруға тырысады. Ойынды басқарушының берген бұйрығымен бір ойыншы шенберден шығып, тығуға әзірленген затты алып тығылады. Ойынға қатысушылардың міндеті — сол тыққан затты іздеп табу. Егер тығылған зат табылса, ойын жүргізуші ойынға	атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үйін кетуге тырысады. Егер үйін кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, ені сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Максат-міндеттері. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
--	--	--	---	---

				жатыспалардың барлығы естігіздей дауыстап жариялайды да, барлығын табылған заттың төңірегіне жинайды. Заттың иесі өз затын қорғайды, басқалары оны алдап-сұлап, көңілін басқа жаққа бұрып, әлгі затты тартып алута тырысады. Затты кім ала алатын болса, сол затты тығушы қызметін атқарушы болады да, қалғандары қайта шеңбер құрып, көздерін жұмып тұрады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: еңбектеу. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту; батылдықты, шешім қабылдай алута тәрбиелеу.	
уәзінен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
алардың дербес еті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейінкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)				

(аз жиналды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Театрды сахналау. "Қолтап" ертегісін қолтаппен сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындықты бастау. (музыка) Өнер бұрышында ұлпақарларды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Дамытушылық ойын. "Бұзылған телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, көру, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Барысы. Балалар тізбек бойынша отырады. Жүргізушіні санамақ айту арқылы таңдап алуға болады. Алдымен, педагог балаларға ойын тәртібінің үлгісін көрсетеді. Балаларға ойын тәртібін нақты орындап, бұзуга болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші өзі ойлаған заттың атауын қасында отырған баланың құлағына сыбырлап айтады. Бала естіген сөзін келесі отырған балаға сыбырлап айтады. Ойын осылай жалғасады. Соңғы отырған бала естіген сөзін дауыстап хабарлайды. Егер бала айтқан сөз, бастаушы ойлап тапқан сөз болып шықса, телефонның ақаусыз жөнделгенін білдіреді. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай шықса, балалар зерттеу жүргізіп, бастапқы сөздің қандай сөзге бұрмаланғанын анықтайды. Әр ойын айналымынан кейін, бірінші отырған бала тізбек соңына барып отырады, сол себепті әр жолы, бірінші отырған бала жанарып отырады. (сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар.				
балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жаңа жылдық шырша» көрмесі.	Кеңес беру. «4-5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы».	«Баланың туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасында оқитын тақпақтарын беру, ата-аналармен мерекені өткізу туралы әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме.